

**Оқыту стильдерін білім сапасын арттыру
құралы ретінде тиімді пайдалану
ерекшеліктері**



**Балгалиева Айгуль Куановна
Рысбекова Алия Айтбаевна**

Ақтау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Зерттеу жұмысының басты идеясы – әр мұғалім өзіне сәйкес оқыту стилін таңдап алу арқылы оқыту үдерісін жетілдіріп, ал ол өз кезегінде оқушылардың білім сапасын арттыруына ықпал етеді.

Зерттеу мақсаты – әртүрлі оқыту стильдерін қолдана отырып, олардың әр біреуінің оқушылардың білім сапасына қаншалықты әсер ететінін зерттеу.



Зерттеудің міндеттері

Оқыту стильдерінің тиімді түрлерін анықтау және бейімдеу;

01

02

Оқу стильдеріне сәйкес сабақ жоспарларының үлгілерін әзірлеу және апробациялау;

03

Әр оқыту стилінің білім сапасына әсерін анықтау және оқыту стильдеріне сәйкес әртүрлі әдіс-тәсілдер топтамасын құрастыру.

Зерттеу болжамы

- оқыту стильдері оқушының қажеттіліктері мен мұғалімнің әдістемелік мүмкіндіктерін ескере отырып таңдалып алған жағдайда тиімді оқыту мен сапалы білімге алып келеді.



Зерттеудің жаңалығы

қазіргі уақытта оқытудың емес, оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес стильдерді пайдалану ұсынылған. Бірақ оқушылардың білім сапасы мұғалімнің оқу үдерісін ұйымдастыруы мен оқытуына тікелей байланысты. Сондықтан осы зерттеу жұмысы арқылы мұғалімдер өздеріне сәйкес стильді анықтап, сол стиль аясында қолдануға ұсынылған әдістерді пайдалана алады. Сонымен қатар, эксперимент нәтижесінде ең тиімді оқыту стилі анықталып, мұғалімдердің жоспарлау мен оқыту әрекеттері нақтыланады.

Күтілетін нәтижелер



Әр оқыту стиліне сәйкес сабақ беру стилінің алгоритмдері жасалады;



Сабақ беру стилдеріне сәйкес әдіс-тәсілдер ұсыныс ретінде беріледі;



Мұғалімдер өз мүмкіндіктері мен оқушының қажеттіліктерін ескере отырып тиімді оқытуға қол жеткізе алады;

Зерттеу әдістері

SCRUM әдістемесі

Scrum-әдістемесі бірнеше спринтке негізделіп, жоспарды іске асырудың фазасы ретінде белгілі талаптарды орындайды, сондай-ақ, спринт ұзақтығы 30 күн. Scrum-әдістемесі зерттеу жұмысын жүйелі құруға, жоспарлауға, міндеттерді бөлуге, уақытында аяқтауға мүмкіндік береді. Scrum-ды меңгеру өте оңай, сонымен қатар, ол өз бетімен реттелетін, алдындағы мәселелерді шеше алатын көпфункционалды топты қалыптастырады.

Синтез

бұл әдіс арқылы алынған деректерді жинақтап қорытындылау, біріктіре отырып зерттеу қорытындысы мен ұсыныстар әзірлеу кезінде қолданылды. Зерттеу оқыту стильдерін, әр стильдің қай көрсеткіштерде тиімді болатынын талдау.

Сауалнама әдісі

зерттеу жұмысын бастамас бұрын зерттеу тобындағы мұғалімдердің оқыту стильдері туралы түсініктерін анықтау мақсатында жүргізілді.

Бақылау

әр оқыту стильдеріне сәйкес жоспарланған сабақтарды белгіленген көрсеткіштер бойынша бақылау жүргізу.

Зерттеу кезеңдері



5 Мұғалімдердің бірлесе жоспарлаған сабақ жоспарлары негізінде әр оқыту стиліне сәйкес әдіс-тәсілдерді топтастыру

Оқушыларға бірнеше көрсеткіштер бойынша мониторинг жүргізу, нәтижесін шығару.

4

3 SCRUM бойынша зерттеу жұмысын жоспарлау, спринттерге сәйкес жүргізу

Оқыту стильдері бойынша семинар ұйымдастыру, зерттеу жұмысына қатысушы фокус тобын құру

2

1 Мұғалімдерге оқыту стильдері туралы сауалнама жүргізу



Оқыту стилі туралы білесіз бе?



Фасилитаторлық стиль **21%**



Делегаторлық стиль **10%**

Коучингтік стиль **43%**

Аралас стиль **26%**




Оқыту стильдерін қолдану оқушы біліміне қалай әсер етеді деп ойлайсыз?



SCRUM әдістемесі

Зерттеу 3 спринттен тұрды (Әр спринт кезеңнің ұзақтығы 30 күн)

Әр спринтте бір проблеманы шешуге бағытталған іс әрекеттерді жоспарлау мен талдау жүзеге асырылды.



Бірінші спринт

*Оқушылардың оқу стилі мен мұғалімнің оқыту стилін кіріктіре отырып сабақ беру стилінің алгоритмі жасалды

*Зерттеу тобы ұсынылған әр оқыту стилін зерттеп, бірлесіп әр оқыту стилін 3 сабақ жоспарланды.

Екінші спринт

Зерттеу тобының әр мүшесі оқыту стилдеріне сәйкес жоспарлаған сабақтар жүргізді, сабақ барысында және сабақтан соң белгіленген көрсеткіштер бойынша мониторинг жасалды

Үшінші спринт

*Зерттеу және бақылау нәтижелері талданды.


*Әр оқыту стилінің оқушылардың білім сапасына әсері анықталды.

*Әр оқыту стиліне сәйкес сабақта қолданылған әдістер тізімдемесі жасалды

2-ші спринт (ақпан айы)

Сабақ барысында және сабақтан соң төмендегі көрсеткіштер бойынша мониторинг жасалып отырды:

1. Оқушылардың білім сапасы
2. Дағдылардың қалыптасуы мен дамуы
3. Оқу ақпаратының есте сақталуы
4. Оқушылардың сабақтарда оқу үдерісіне тартылуы



3-ші спринт

Фасилитаторлық стиль

Жағдаят туғызу (сурет, жағдаят, видео, арқылы)сұрақтар қою, оқушылар жауаптарын салыстыру, бірлесіп бағалау критерийлерін әзірлеу)
оқушылар жеке, жұпта немесе топпен анықтайды;
стратегияларды шешу үшін ақпаратты іздейді,
стратегиялар негізіндегі тапсырмалар орындау,
қателерін анықтайды, түзету амалдарын іздейді.

Делегаторлық стиль

Талқылау мақсаттарын таңдау
Шешім шығару үшін критерийлер мен шектеулерді анықтау;
Мәселені талдау (мәселе негізін және себепп-салдар байланысын анықтау)
Шешім нұсқаларын анықтау (альтернативаларды анықтау);
Ең үздік шешім нұсқасын таңдау.(альтернативаларды бағалау,соңғы шешім таңдау)

Коучингтік стиль

Оқушылардың міндеттерді орындауға дайындығын сараптау,
міндеттерді оқушыларға жүктеу, бөлу)
Міндеттерді орындаудың нұсқаулығын беру;
Міндеттерді шешуде көмек беру немесе бірлесіп шешу;
Міндеттердің шешімін бағалау

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері оқытушыларға сапалы оқыту үшін тиімді оқыту стилін пайдалануды ұсынады. Делегациялық стильде мұғалім тек бақылаушы рөлінде ғана болғандықтан, оқушылар бірлескен жұмысқа, мақсат қоюға және оған қол жеткізуге ұмтылатын болады. Фасилитаторлық стильде мұғалім оқушылардың сұрақ қою, өз бетінше жауап іздеу дағдыларын дамытады. Бұл стиль топта, сыныпта оқушының көшбасшылығы, өз қызметін жоспарлау сияқты іс-әрекеттерді басым етеді. Сабақ беру стилін зерттеу нәтижелеріне негізделі отырып, сабақтарда мұғалім мен оқушының іс-әрекетін ұйымдастыруда оқыту стильдерін басшылыққа алу маңызды рөл атқарады. Осы зерттеуді одан әрі жалғастыру неғұрлым қолайлы табысты жұмыс жасау үшін оқыту стилін оқушылардың өз оқыту стилі мен ықпалдастыратын болады.

Пайдаланылган ресурстар

- 1.Hawkar Akram Awla., Learning Styles and Their Relation to Teaching Styles, International Journal of Language and Linguistics, 2014;
- 2.Maria Rezaeinejada, Akbar Azizifara*, Habib Gowhary., The study of learning styles and its relationship with educational, achievement among Iranian high school students, Procedia - Social and Behavioral Sciences 199 (2015) 218 – 224
- 3.Yamagishi, N. Rochelle., Teachers' learning styles : their effect on teaching styles, from OPUS, University of Lethbridge Research Repository, 1990
- 4.JulieHulme.,Learning_styles_in_the_classroom_educational_benefit_or_planning_exercise?., [researchgate.net/publication](https://www.researchgate.net/publication/312111111), 2010
5. CARMENCITA ,CASTOLO*LIZYL R. REBUSQUILLO**., LEARNING STYLES OF SOPHOMORE STUDENTS OF PUP LABORATORY HIGH SCHOOL, (SY 2006-2007)